

Список литературы

1. Пекинская декларация и Платформа действий. Четвертая Всемирная конференция по положению женщин. 1995 г.
2. Майдырова А.Б., Бердибекова А.Ш. Вопросы гендерного равенства в человеческом капитале нации // Вестник КАРГУ. – Караганда, 2014. <http://articlekz.com/article/8516>
3. Жандосова Ш.М. Гендерная политика современного казахстанского общества // Вестник КазНУ. – Алматы, 2011. <http://articlekz.com/article/8232>
4. Жубанова Б.Г. Гендерные идеи в истории педагогической мысли Казахстана: автореф. дисс. на соискание ученой степени к. пед. н., <http://avtoreferats.com/article/view/id/16653>
5. Соловьева Г.Г. Гендерная политика и устойчивое развитие // Институт социальных и гендерных исследований, Республика Казахстан. <http://www.gender.cawater-info.net/publications/pdf/solovieva.pdf>
6. Лукашенко М.А. Профессиональные компетенции руководителя. <http://www.cfin.ru /management /strategy /competit/ksao.shtml>
7. Дуненкулова Г.А. Становление и эволюция гендерной политики Республики Казахстан в условиях демократического развития: автореферат на соиск. уч. ст. д. полит. н. – Алматы, 2010. <http://pandia.ru/466640/>
8. Концепция семейной и гендерной политики в Республике Казахстан до 2030 года. <https://egov.kz/cms/ru/law/list/P1600000693>
9. Инициатива по правам ребенка и принципам ведения бизнеса: материалы Международной конференции «Казахстан, дружественный к ребенку», посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан и 70-летию ЮНЕСКО, 21–22 ноября 2016 года, г. Астана.
10. Шведова Н.А. Развитие человеческого капитала и гендерное равенство: умная гендерная политика. <http://cyberleninka.ru /article/n/razvitie-chelovecheskogo-kapitala-i-gendernoe-ravenstvo-umnaya-gendernaya-politika>
11. Писанова Т.В. Национально-культурная идентичность граждан и обществ в государствах участниках СНГ. – Москва: ФГБОУ МГЛУ, 2013 – 240 с. <http://www.linguanet.ru /upload/medialibrary /fa8/ fa8 d9a 7e1e942a f0b6851934b57861d2.pdf>

МӘДЕНИ ДИПЛОМАТИЯ МЕМЛЕКЕТТІҢ «ЖҰМСАҚ КҮШІ» РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада мәдени дипломатия контекстінде жұмсақ күш феноменіне талдау жасалған. Soft power классикалық теориясына негізденіп, автор осы санаттағы басты тұжырымдамалық тәсілдерін қарастырады. Халықаралық тұрақсыздық пен қақтығыстар дәуірінде жұмсақ күштің тәсілі ретінде мәдениет рөлінің маңыздылығы арта түсуде. Мәдени дипломатия мемлекеттің жалпы сыртқы саясат стратегиясын қадағалайтын тиімді құралға айналып, әлемдік аренада оның ұлттық мүдделерін қорғауға және насихаттауға, сондай-ақ әлемнің түрлі саяси, экономикалық және әлеуметтік процестерге тікелей әсер етуге мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: мәдени дипломатия, сыртқы мәдени саясат, халықаралық қатынастар, жұмсақ күш, жаһандану, мәдениет.

Аннотация. В статье анализируется феномен *мягкой силы* в контексте *культурной дипломатии*. Опираясь на классическую теорию *soft power*, автор рассматриваются основные концептуальные подходы к пониманию данных категорий. В эпоху конфликтов и международной нестабильности роль культуры как инструмента «мягкой силы» невозможно переоценить. Культурная дипломатия способна стать эффективным средством сопровождения общей внешнеполитической стратегии государства, создавая прочный фундамент, позволяющий не только отстаивать и продвигать свои национальные интересы на мировой арене, но и оказывать непосредственное влияние на различные политические, экономические, социальные процессы в мире.

Ключевые слова: культурная дипломатия, внешняя культурная политика, международные отношения, мягкая сила, глобализация, культура.

Abstract. The article analyzes the phenomenon of soft power in the context of cultural diplomacy. Based on softpower classical theory, the author considers the basic conceptual approaches for defining these

categories. In the era of conflicts and instability the role of culture as a "soft power" tool is on the rise. Cultural diplomacy is an effective tool of the state foreign policy strategy, that allows not only to defend and advance its national interests on the world stage, but also have a direct impact on the political, economic, social processes of the world.

Keywords: cultural diplomacy, foreign cultural policy, international relations, soft power, globalization, culture.

JEL codes: F500, F680, Z00

ТӨЛЕУОВА К.Ш. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Дипломатия институтының докторанты

Жаһандану кезеңінде халықаралық қатынастар жүйесі түбегейлі өзгеріске түсті. Әлем сахнасына дүниежүзілік тарих көшіне аса қуатты әсер ете алатын жаңа күштер шықты. Әлем XX ғасырда да, XIX ғасырда да болмаған жаңа мәселелер мен қиындықтарға кезікті. Биліктің жаңа түрлері мен әлемдік үстемдік үшін күрестің жаңа қайнар көздері пайда болса да, барлық халықаралық күштердің басты мақсаты болатын билік, күш және әлемдік аренадағы ықпал өзгеріссіз қалды. Елдің экономикалық табысы, идеологиялық сенімділігі мен мәдени тартымдылығы жаңа кезеңде әскери қуат пен ядролық қару иемденуге қарағанда әсер етудің анағұрлым маңызды факторы болды.

Мамандардың көрсетуінше, заманауи жаһандық қоғамда мәдениет пен саясаттың бір-біріне тәуелділігі күшейіп келеді, бұл өз кезегінде тез өзгеріп отырған әлемдегі мәдени саясат және әлеуметтік бірегейлену мәселелерін күн тәртібіне шығарып отыр. «Ғаламдану орныққан жергілікті мәдениеттерге әсер етіп қана қоймайды, оларды өзгермелі жаһандық жағдаятқа кіріктіреді» [1, 391-б.].

Кез келген мемлекеттің халықаралық беделі көптеген факторлармен анықталатыны белгілі. Бұл факторларға мемлекеттің саяси салмағы, ықпалы және экономикалық қуаты ғана емес, рухани-мәдени әлеуеті де жатады. Қақтығыстар мен тұрақсыздық кезеңінде мәдениет факторы әлемдік саясаттағы «жұмсақ күш» ретінде жаңа мәнге ие болып отыр, оның жалпы әлемдік әлеуметтік-экономикалық үдерістер мен мемлекетаралық қатынастарға тигізетін әсері де артты.

Халықаралық қатынастардағы мәдениеттің рөлі жоғары бағалана бастады. Дипломатияның осы маңызды құралы мемлекет мүддесін ілгерілетуде, әлеуметтік және мәдени ынтымақтастықты кеңейтуде, ұлттар мен халықтар арасындағы өзара түсіністікті жақсартуда қолданылады.

Мәдениетті сыртқы саясаттың құралы ретінде пайдалану дипломатияның дәстүрлі саяси және экономикалық бағыттарын тиімді түрде толықтырады. Мәдениет халықаралық аренадағы стратегиялық әрекеттердің ажырамас және толыққанды бөлігі ретінде қарастырылып келеді. Шетелдерде өзінің мәдени жетістіктерін тарату, тілін оқуды насихаттау, мәдени алмасуларды кеңейту мемлекеттің маңызды басымдықтарының қатарына жатады және оның сыртқы саяси стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады.

Мәдениет – мемлекетті құрайтын іргетастардың бірі. Осы ретте мемлекеттің мәдени саясатына жаңа серпін беру бәсекеге қабілетті қоғам құрудың басты міндеттерінің қатарына жатады.

Әлемдік дамудың қазіргі кезеңінде құрамына ғылым, білім, спорт, туризм, жастар қозғалысы сияқты ұғымдар кіретін мәдениеттің рөлі айтарлықтай артып келеді. Мәдениет дұрыс қолданылған жағдайда насихат жұмыстарын жүргізу мен тұрғындарға саяси әсер етудің қуатты идеологиялық қаруы бола алатыны анық көрініп отыр. Бұған мысал ретінде АҚШ, Франция, Қытай, Ресей сияқты мемлекеттерді атауға болады. Осы елдердің әрқайсысында біртұтас ұлттық идея құрастырудың тиімді тәсілі ретінде

мәдениеттің барлық әлеуетін кеңінен пайдалануға бағытталған кешенді мәдени даму бағдарламалары жұмыс жасайды. Әр мемлекеттің мәдениет институттарымен ынтымақтасудың өзіндік формалары бар, олардың өз артықшылықтары мен кемшіліктері де жоқ емес. Британ кеңесі, Француз институты, Гёте институты сияқты ұйымдар – бюджеттік мүмкіндіктері мол, қаржы көздерін тарту және ірі мәдени жобалар ұсыну ісінде тәжірибесі бар үлкен мекемелер.

Қазіргі халықаралық қатынастарда мәдени дипломатия басты рөлді атқарып қана қоймай, жаһандану жағдайындағы мәдениет, ақпарат пен білім әлемдік саясатта жетекші орын алатын мемлекеттердің әскери қорларын саяси әсер етудің әскери емес факторларымен байытқан қуатты қаруға айналды. Гарвардтық ғалым Джозеф Най «жұмсақ күш» аталған бұл тұжырымдаманың авторы болып танылады. Бұл ұғым бірінші рет 1990 жылы қолданысқа енгізілді және халықаралық қатынастарда «сенің қалағаныңды басқаның да қалауын мәжбүрлеу» қабілеті ретінде жарияланды [2, 167-б.].

Кейін 2004 жылы Най «XXI ғасырдағы еркін ой» журналында жарияланған мақаласында АҚШ Мемлекеттік департаментінің сыртқы саясатының ресми сөзін сынай келе, «жұмсақ күш» ұғымы өз дегеніне мәжбүрлеу немесе сатып алу арқылы емес, әріптестердің еркін қатысуы негізінде жету дегенді білдіретіндігін атап көрсетеді. Осы жылы Найдың осы феноменді талдауға арналған еңбегі жарыққа шығады, онда «жұмсақ күш» мемлекеттің (одақтың, коалицияның) өзгені өзіне тарту немесе мәселені қоя білу, күн тәртібін белгілеу қабілеті ретінде түсіндіріледі. 2013 жылдың сәуірінде Най тартымдылықтың жұмсақ күші туралы, оның көмегімен «қорқыту және тәуелді етуден үнемдеуге» болатынын жазады.

«Жұмсақ күш» саясаты заманауи әлемдегі жаһандану шеңберінде сыртқы әсер етудің анағұрлым тиімді болуы мүмкін қорларының белсенділігін арттыруға жол ашады. Мемлекеттердің «жұмсақ күшті»

қолданудың әлемдегі өз ықпалы мен беделін нығайту, жағымды қоршаған ортаны қалыптастыру сияқты ортақ мақсаттарының болуына қарамастан, бұл күшті пайдаланудың нақты мақсаттары өзгеше: АҚШ үшін «әлемдік гегемон» мәртебесін қолдау; ЕО үшін АҚШ-тың сыртқы саясатына қуатты қарсы күш құру, өңірдегі көшбасшылық. ҚХР өз ұлттық мәдениетін қолдау саясатын жүргізіп, қытайлық тауарларды экспорттаудан, бизнесті дамытудан экономикалық пайда табады, Ресей өңірлік және әлемдік ауқымдағы бұрынғы үстемдігін, «ұлы держава» мәртебесін қайтып алғысы, бұрынғы одақтастарымен қарым-қатынасын қайта орнатқысы келеді.

«Жұмсақ күш» қазіргі халықаралық қатынастарды түсіну үшін басты тұжырымдама болып отыр. Көптеген сарапшылар мәдени дипломатияны мәдениет, оның идеялары мен құндылықтары сияқты элементтер арқылы басқаларға белгілі дәрежеде әсер етуге мүмкіндік беретін жұмсақ күшті жүзеге асырудың ең жақсы құралы деп таниды. «Жұмсақ күшті» қолданушы елдің құндылықтары мен көзқарастарын алға жылжытуға бағытталатын бұл идея бүгінгі күні халықаралық қатынастарға қатысушылардың жүргізетін саясаты мен іс-әрекеттеріне әсер ететін басты дипломатиялық құрал болып отыр.

Мемлекеттің «жұмсақ күшті» қолдануында «қатал күшті» қолданумен салыстырғандағы екі жағымды артықшылығын бөліп көрсетуге болады, олар: «жұмсақ күшті» жүзеге асыруға қаржы айтарлықтай аз жұмсалады, мысалы, АҚШ-тың Ресейдегі мәдени дипломатиясына жыл сайынғы жұмсайтын қаржысы бір әскери ұшақтың құнынан артық емес және бұл әскери немесе экономикалық қысымға қарағанда, тарихи реваншизм көріністерінің пайда болуына анағұрлым төмен деңгейде әсер етеді [3, 8-б.].

Мұндай іс-шараларды қаржыландыру және өткізу көлемі түрлі елдерде әртүрлі. Әр тұрғынға жылына 17 АҚШ долларын жұмсайтын Франция бірінші орында, бұл екінші орында тұрған Канададан төрт есе артық, одан кейін Ұлыбритания мен Швеция

орналасқан. Салыстырайық, АҚШ Мемлекеттік департаментінің халықаралық мәдени бағдарламаларды қаржыландыруға жұмсайтын шығыны әр тұрғынға шаққанда жылына 65 центті құрайды [4].

Бүгінгі күні сыртқы саясатында «жұмсақ күшті» пайдаланып айтарлықтай нәтижеге АҚШ пен Қытай жетті, олар дүние жүзі бойынша танымалдыққа ие болғанымен, өз мақсаттарына қол жеткізу жолдары әртүрлі. Қаржылық дағдарысқа, жұмыссыздық пен саяси тұрақсыздыққа алып келген ЕО-дағы жағымсыз үдерістердің салдарынан Еуропа елдері артта қалып отыр. Ресейдің «жұмсақ күшіне» келетін болсақ, өкінішке қарай, әзірге ешқандай айтарлықтай нәтижеге жете алмай отыр.

Мемлекеттің мәдени дипломатияны жүзеге асыруы да «жұмсақ күш» тұжырымдамасымен тығыз байланысты. «Мәдени дипломатия» термині 1930 жылдары пайда болды, оны айналысқа американ зерттеушісі Ф. Баргхорн енгізді. Ол бұл ұғымға «үгіт-насихат мақсатында мәдени материалдар мен кадрларды қолдану» деген анықтама берді, яғни алғашында термин насихаттау мақсатында пайдаланылған, бұл қарама-қарсы қоғамдық құрылыстағы екі державаның қарсыластығы жағдайында тарихи тұрғыдан түсінікті еді [5]. 1920–1930 жылдары КСРО басшылығының саясаты мемлекеттің Батыстағы жағымды имиджін қалыптастыруға бағытталған болатын. Сыртқы саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін кеңестік басшылық мәдени дипломатия әдістерін де қолданды.

Мәдени дипломатия тұжырымдамасының табиғаты екі жақты: дипломатия ұғымының өзі қатаң және нақты шектерді талап ететін болса, мәдениет бұл ұғымға қандай да бір шығармашылық реңк әкеліп, мәдени дипломатияны сыртқы саясаттың өзіндік арнаулы құралына айналдырды.

Ғылыми әдебиетте «мәдени дипломатия» ұғымы басқа да жанама және қатар мағыналас терминдермен, атап айтқанда, «бұқаралық дипломатия», халықаралық мәдени байланыстар және насихат терминдерімен

бірге қолданылады. Мәдени дипломатия бұқаралық дипломатияның (мемлекеттің шетелдік аудиторияға қатысты сыртқы саяси қызметі) құрамдас бөлігі болғанымен, оның синонимі емес, бұқаралық дипломатияның басты құралдары ретінде БАҚ қолданылады, мемлекеттің мәдениетін қатыстырмайды. Мәдени дипломатия «халықаралық мәдени байланыстар» түсінігінің де синонимі емес, мұндай байланыстардың кейбірінің үкіметке қатысы болмайды немесе сыртқы саясаттың я дипломатияның мақсаттарына (мәдени дипломатия үшін пререквизиттер) қол жеткізуіне көмектеспейді. Мәдени дипломатия бір қарағанда мемлекеттік насихаттың жеңіл түріне ұқсағанымен, өз аудиториясымен мәдениетке тән адалдықпен қарым-қатынаста болуы оны үгіт-насихаттан ажыратады.

Американ ғалымы кіші Милтон Каммингс қолданатын мәдени дипломатия ұғымының анықтамасы түрлі құрамдас бөліктерден құралады және ғылыми әдебиетте барынша кең таралған анықтама болып табылады. Ол мәдени дипломатияны «өзара түсіністікті нығайту мақсатында ұлттар мен халықтар арасында идеялармен, ақпаратпен, өнермен және мәдениеттің басқа да аспектілерімен алмасу» ретінде анықтайды [6, 49-б.].

Мәдени дипломатия – мемлекеттер, халықаралық ұйымдар және өзге де институттардың мәдени әрекеттестігі саласында стратегиялық және тактикалық мақсаттарға ие практикалық әрекеттердің кешені. Басқаша айтқанда, бұл – мемлекеттер арасында мәдени байланыстарды орнатуға бағытталған әрекеттердің жиынтығы. Олай болса, мәдени дипломатияны сыртқы мәдени саясат құралдарына жатқызуға болады.

Ресейлік ғылыми әдебиетте мәдени дипломатия ұғымына берілген мынадай анықтаманы кездестіруге болады. В.И. Фокин мәдени дипломатия түсінігі сыртқы мәдени саясатты практика жүзінде іске асырудың түрлері мен әдістерінің жиынтығын анықтау үшін қолданылады деп санайды [7].

Н.М. Боголюбова мәдени дипломатияны мемлекеттің мәдениетті сыртқы саясаттың негізгі мақсаттарына қол жеткізуінің нысаны

мен құралдары ретінде пайдалануымен, елдің жағымды бейнесін құрумен, халқының мәдениеті мен тілдерін шетелде танытумен байланысты дипломатиялық қызметінің саласы деп түсіндіреді [8, 25-26-бб.].

Осылайша, мәдени дипломатия, біріншіден, дәстүрлі мемлекеттік дипломатияның бір түрі, бұл кезде мәдениет мемлекеттің сыртқы саясатының мақсаттарына қол жеткізудің тәсілі болады, екіншіден, ол – бұқаралық дипломатияның құрамдас бөлігі және өз кезегінде, сыртқы мәдени саясаттың жеке-дара құралы.

Мемлекеттің мәдени дипломатиясының қалыптасуына қандай да бір дәрежеде әсер ететін факторлар арасынан сыртқы саясат мақсаттарын, жағымды бейне қалыптастыруға ұмтылысты, елдің тарихы мен идеологиясын, мәдени саясат қоры мен қаржыландырылуын, әлемге елдің мемлекеттік тілін тарату мен танытуды, мәдени мұраны, мемлекеттің коммерциялық мүдделерін бөліп қарауға болады.

Қазіргі заманғы халықаралық қатынастарда мәдени дипломатияның дәстүрлі үлгілері қолданылады, олардың әрқайсысы сыртқы саясат стратегияларын әзірлеу мен жүзеге асырудағы ұлттық ерекшеліктермен сипатталады. Мысалы, бірінші үлгі халықаралық қатынастар тәжірибесіне мәдениетаралық ынтымақтастықты жүйелі түрде енгізетін мемлекеттің бағытты сыртқы саясатын бейнелейді, қатаң орталықтандырумен және тікелей мемлекеттік бақылаумен жүзеге асырылады, мәдениетаралық ынтымақтастық саясаты үкіметтік құрылымдар немесе шетелдерде арнайы құрылған ұлттық мекемелер арқылы жүргізіледі (Француз Республикасы).

Екінші үлгі мәдени дипломатияны толықтай немесе ішінара үкімет қаржыландыратын, ал мәдени саясатты жүзеге асыру үшін әкімшілік және үйлестіруші жауаптылық үкіметтік емес институттарға жүктелетін жанама қадағалау қағидатына негізделген (Ұлыбритания).

Үшінші үлгі – бірінші жағынан мемлекет тарапынан бақылауда ұсталатын және

халықаралық мәдени қызметті орталықтандыратын, екінші жағынан биліктен қашықта болатын орталықтандырылмаған ұйымдық үлгі, яғни СИМ сыртқы саясаттың ресми жетекші қағидаттарын қалыптастырады, ал стратегияның практикалық жүзеге асырылуын қызметін олардың құзыреті шегінде мемлекет қаржыландыратын үкіметтік емес ұйымдар іске асырады (Германия Федеративті Республикасы).

Әдетте, үкіметтер мәдени дипломатияны өзара түсіністікті тереңдету, этноцентризм және стереотиптермен күрес, қайшылықтардың алдын алу сияқты идеалистік мақсаттарға қол жеткізу үшін жүргіземіз деп жариялайды. Бұл идеалистік мақсаттар өзара алмасу негізіндегі екіжақты қатынастар идеясын қамтиды, ал практикада мәдени дипломатия, әдетте, дәл осындай түрде кездеспейді. Мәдени дипломатияның басты мақсаттары: ұлттық мәдени мұраны дәріптеу, жетістіктерді насихаттау, тілді тарату.

Мәдени дипломатияның қолданбалы мақсаттарына сауданы, саяси, дипломатиялық және экономикалық мүдделерді ілгерілету, барлық бағыттағы, соның ішінде сауда-экономикалық, саяси, мәдени және дипломатиялық салалардағы екіжақты қатынастарды дамыту, мәдени дипломатия мамандары үшін маңызды болатын шетелдегі топтармен (мысалы, диаспора) әрекеттестік, сонымен қатар өзара түсініспеушілік туындаған жағдайларда екіжақты қатынастарды қолдауға көмектесу кіреді. Мәдени дипломатия тек дипломатияны жүзеге асырып отырған елдің ғана емес, басқа да елдердің мүдделерін ілгерілетуі мүмкін. Мысалы, Үндістанның мәдени дипломатиясы көрші елдер студенттерінің Үндістанда білім алуы үшін шәкіртақы бөлуге басты назар аударады, яғни Үндістан ғана емес, оның көршілерінің, сонымен қатар студенттердің мүдделеріне жұмыс жасайды.

Мақсатына жету үшін мәдени дипломатия білім беру стипендияларын, ғалымдардың, зиялы қауым өкілдерінің, академиктер мен суретшілердің ел ішіндегі ғана емес, шетелдерге де саяхатын, мәдени топтық

қойылымдарды, көркем спектакльдер мен көрмелерді, семинарлар мен конференцияларды, кітапханалар жұмысын, шетелдердегі фестивальдерді, өз еліндегі өзге елдердің фестивальдерін қолдауды, ұлттық көшбасшылардың статуялары мен ескерткіштерін орнатуды, шетелдегі жоғары лауазымды тұлғалар мен дипломатиялық миссиялар үшін кітаптар және музыкалық аспаптар таныстырылымын, жыл сайынғы дәрістер өткізуді пайдаланады.

Мәдени дипломатия жүйесі кинематографияны, хореографияны, музыканы, көркемсуретті, көрме қызметін, білім беру бағдарламаларын, ғылыми алмасуларды, кітапханалар ашуды, әдеби шығармаларды аударуды, мәдени бағдарламалар таратуды, дінаралық диалогты және т.б. қамтиды.

Мәдени дипломатия субъектілері ретінде, әдетте, мемлекеттік басқару органдары, сыртқы саясат қызметіндегі монополист ретінде мемлекет, үкіметтік емес ұйымдар тартатын шаруашылық жүргізуші субъектілер танылады.

Елдің шетелдегі мәдени қатысуын елшіліктер мен консулдықтар жүргізеді. Олар елдің «мәдени дипломатиясының» субъектілері ретінде көрінеді және сыртқы мәдени саясатты жүзеге асыруда үлкен рөл атқарады. Қызметін жақсы атқару үшін дипломат өзі қызмет ететін елдің тілін, мәдениеті мен тарихын білуі тиіс, басқаша айтқанда, «екі мәдениеттің де құлы болуы» керек. Бұл мамандық өзгенің мәдениетіне төзімділікті, өзге мәдени ортаға тез бейімделуді, сол елдің ережелері мен талаптарын сақтауды, ерекше тілдік дағдылары бар дарынды жастарды дипломатиялық қызметке тарта білуді талап етеді. Мәдени дипломатия дегеніміз – мәдениеттерді байланыстыратын және мәдени алуан түрлілікті дамытатын іргелі механизм. Дипломатия мен мәдениеттің одағы барлық кезеңдерде мемлекет мүддесіне қызмет етіп, ел тарихы дамуының түрлі кезеңдерінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеп келеді.

Соңғы уақыттарда көпжақты мәдени дипломатияның белсенділігі артып келеді. БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ, Еуропа кеңесі және т.б. сияқты халықаралық және өңірлік ұйымдардың қызметінде мәдениет мәселелері көп орын алып отыр. Мысалы, БҰҰ түрлі діндер, конфессиялар мен мәдениеттер өкілдері арасындағы келісімге қол жеткізуге арналған кешенді өркениетаралық диалогты қалыптастыруда іргелі рөл атқарып келеді. БҰҰ жүйесіндегі зияткерлік форум ретінде ЮНЕСКО-мен әрекеттестік пен ынтымақтастықты кеңейту халықаралық мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық саласында басты орын алады, оның аясында саяси мәселелерден тыс, мәдениет, ғылым мен білімнің дамуы туралы, атап айтқанда, материалдық емес мәдени мұраны қорғау мен сақтау турасында диалогтар жүргізуге болады.

Мәдени дипломатия көбінесе үкіметтердің, сонымен қатар Еуропалық Одақ пен субұлттық үкіметтер (Канада мен Германияның провинцияларын, АҚШ пен Австралияның штаттарын дипломатияның агенттері және мәдени дипломатия практиктері ретінде қарастыруға болады) сияқты үкіметтер тобының дипломатиялық қызметін көрсетеді [9].

Мемлекеттің сыртқы саясаты немесе дипломатиясының мақсаттарын қолдаудың құралы бола отырып, мәдени дипломатияны, әдетте, Сыртқы істер министрлігі тікелей немесе жанама түрде, ал субұлттық деңгейде Халықаралық қатынастар министрлігі жүргізеді (мысалы, 1985 ж. бері өз министрі, өз халықаралық министрлігі, сонымен қатар шетелдік өкілдіктер мен дипломатиялық миссиялары бар Квебекте сияқты. Провинция халықаралық саладағы субұлттық үкіметтік қызметті қолдаушы әлемдегі басты рөлді атқарып отыр). Жаңа Зеландияның мәдени дипломатиясы елдің Мәдениет министрлігінің құзыретінде болғанымен, мәдени дипломатияны орнатуға қатысты да, Жаңа Зеландияның сыртқы саясаты мақсаттарына сәйкес осы саясаттан туындайтын шараларды жүзеге асыруда да бар жұмысты Сыртқы істер министрлігі атқарады.

Әлемдік мәдени кеңістікке ену ісі шетелде мәдени жетістіктерді таныстыру, отандық және әлемдік мәдениеттің мақсат-міндеттерін жақындату, мәдени тәжірибемен, ғылыми жобалар және бағдарламалармен алмасуды көздейді. Осы ретте Қазақстан Республикасының шетелдегі жағымды имиджін қалыптастыру қажеттілігі туындайды, бұған отандық мәдениеттің жетістіктерін насихаттау да кіреді [10].

Мәдениет тек өзіне ғана тән әдістер арқылы Қазақстан бейнесін бекітуге және еліміздің әлемдік аренада өз орнын алуына көмектеседі. Қазақстан Республикасының әлемдік мәдени кеңістікке енуіне жәрдемдесетін жағымды факторларға Қазақстанның халықаралық мойындалуын, шетелдермен дипломатиялық қатынастардың орнатылуын, тату көршілік пен бейтараптық саясаты арқылы көрінетін жағымды халықаралық имиджін атауға болады. Қазақстанда дамыған мәдени әлеуеттің, атап айтқанда, халық шығармашылығы саласы, шетелдік мәдени байланыстарды қолдау, Қазақстанның географиялық жақтан тиімді саяси, экономикалық және мәдени коммуникациялардың түйіскен аумақта орналасуымен байланысты мәдени-тарихи факторлар жағымды рөл атқарды.

Елдің халықаралық имиджін ілгерілету мен қолдау үшін құрылымына Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саясатының басты бағыттарын ақпараттық қамтамасыз етумен айналысатын Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің барлық шетелдік мекемелері кіретін тұтас жүйе құрылды.

Халықаралық аренада ұлттық мәдениетті таныстыру, мәдени брендтеріміздің танымалдығын арттыру имидждік жұмыстың басты бөлігі болып саналады. Дипломаттар жұмысының нәтижесі ретінде ЮНЕСКО-ның домбырада дәстүрлі күйдің орындалу өнерін, қырғыз және қазақ киіз үйлерін жасаудың дәстүрлі дағдыларын адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының әлемдік тізіміне енгізуін атауға болады. Қазақстанның жылқы малын қолға үйретудің алғашқы орны, сонымен қатар алма мен

қызғалдақтар отаны ретінде танылуы да осы жұмыстардың бір бөлшегі саналады. Мәдениетімізді шетелде таныту жөніндегі шаралар қаржы шығынын талап етеді, сондықтан дипломатиялық өкілдіктеріміз Мәдениет және спорт министрлігімен, мемлекеттік органдармен, ұлттық компаниялармен, жеке бизнеспен, үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып, осындай жобаларды қаржылық қолдауға үлес қосып келеді.

Мәдени дипломатия міндеттерінің елдің геосаяси ұстанымдарын нығайту мақсаттарымен тікелей байланысы байқалады. Қазіргі кезде шетелдегі отандастармен жүргізілетін жұмыс үлкен маңызға ие болып отыр. Алыс шетелдегі диаспорамен қарым-қатынаста психологиялық маңызды өзгеріс жүріп жатыр. Жақын шетелдегі диаспоралардың ассимиляцияға ұшырауына қарсы тұру шаралары жүргізіліп отыр.

Мәдени дипломатия үкімет пен елге қуатты артықшылықтар бере алады. Ол мемлекет беделін көтеріп, ұлттық брендинг жүргізуге, басты мүдделерді қозғауға, элитамен, бұқарамен, диаспорамен қарым-қатынас жасауға, аз нәсілдерге, діни және тілдік топтарға өз мәдениетін көрсетуге мол мүмкіндіктер беруге жол ашады, шетелде білім алып жатқан студенттер мен тұлғаларға пайда әкеледі.

Мәдени дипломатия өз әлеуетін толық қолдана алуы үшін ол тәжірибе жүзінде қалай құрылатыны және жүзеге асырылатыны тұрғысында өзгерістер қажет. Мәдени мазмұнға саяси бақылау жойылуы тиіс, ұлттық брендингтегі мәдени дипломатияның рөлі кеңейтіліп, мәдени дипломатия ұлттық ішкі мақсаттарға, әсіресе, ұлттық әлеуметтік топтасумен байланысты мақсаттарға қол жеткізу құралы ретінде қаралуы керек.

Мәдени дипломатияны жүзеге асыру кезінде айтарлық нәтижелерге жету үшін мына факторларға баса назар аудару қажет.

Біріншіден, ресми органдар іске асыратын мәдени дипломатия, әдетте, ресми саясатты және мемлекеттік саясат мақсаттарына жауап беретін мемлекет имиджін көрсетеді. Ресми

ведомстволар әзірлеген мәдени дипломатия жағымды кезеңдерді атап өтуге ұмтылады. Саясаткерлердің айтуынша, мәдени дипломатия мемлекеттің жағымды мәдени жетістіктерін бейнелеген кезде анағұрлым тиімді болады. Мемлекеттің шетелде көрсетілген оркестр, балет, коррида сияқты озық мәдени жетістіктері көпшілік назарын аударады. Саясаткерлер мемлекетті «боямасыз» көрсететін мәдени дипломатияны, атап айтқанда, мемлекеттің ресми саясатына қайшы келетін немесе сынайтын мәдени көрсеткіштерді таратуға теріс қарайды.

Екіншіден, мәдени дипломатия өз әлеуетін толық іске асыру үшін ұлттық брендингтегі өз орнын дұрыс танып алғаны дұрыс. С. Анхольттің ұлттық брендингке көзқарасының маңызы үлкен. Жалпы мақсат пен брендингті құраушыны үйлестіру сияқты екі аспект маңызды. Анхольт ұлттың тиімді бренді елдің іргелі ортақ мақсатын бейнелейді деп санайды, осылайша, біршама алға ұмтылысқа қол жеткізуге болады. Ұлт брендісіне ел әлемде өзін қалай көрсеткісі келетінін бекіткен жоспар, сонымен қатар мемлекет өз қажеттіліктеріне сәйкес имиджге ие болу үшін ұстанатын саясат, инновациялар мен инвестициялар кіруі тиіс.

Үшіншіден, мәдени дипломатия ұлттық ішкі мақсаттарға қол жеткізу бағытында жұмыс жасауы тиіс және осы мақсат үшін барынша тиімді пайдаланылуы қажет. Мәдени дипломатия аз топтардың мәртебесін көтеруге және ұлттық сенімділік пен ұлттық әлеуметтік тұтастыққа қызмет етуі керек.

Мәдени дипломатия аз зерттелген дипломатия құралы ретінде бұқаралық дипломатияның құрамдас бөлігі болып қарастырылады. Ол үкімет, үкіметтік емес ұйымдар, халықаралық ұйымдар мен суретшілердің бірлескен қызметінің нәтижесі болса, өз әлеуетін толық жүзеге асыра алады.

Мәдени дипломатияға өз әлеуетіне толық жетуіне мүмкіндік беру үшін бұл қызметті, әсіресе, оның ұлт бейнесіне, брендинг пен әлеуметтік бірігуге қосатын үлесін терең түсіну керек. Шетелде ұлт имиджін көрсете отырып,

мәдени дипломатия аудиторияның ресми хабарламаларға күмәнін жояды, ұлт беделін ішкі мазмұнмен толтыруға қызмет етеді. Ішкі нарықта ұлттық әлеуметтік бірігуге көмектесе алады, бұл, әсіресе, этникалық аз топтар өкілдеріне бағытталған тұста аса маңызды болып табылады.

Мәдени дипломатияның әлеуетті күші оның ұлттық мәдениетпен, ұлттық құндылықтармен, ұлттық бірегейлікпен және ұлттық мақтанышпен әрекеттестігіне негізделеді. Мәдениет мемлекеттің өзіндік ерекшелігін көрсете алады; мемлекет мен халықтың нағыз табиғатын таныта алады. Мәдени дипломатия арқылы шетелде көрсетілген ұлт бейнесі фактілер мен цифрлардың немесе туризмді ілгерілететін слогандар, дыбыстық байттар түрінде болуы міндетті емес.

Мемлекеттің мәдени дипломатиясына қолдаушылар, ғалымдардың, сарапшылардың мәдениеттану саласындағы зерттеулерін біріктіру, білікті маман дайындау, материалдық шығындар мен шығармашылық күш қажет, бюрократиялық жағымсыз әрекеттер оның жұмысынан аулақ болғаны дұрыс. Мансаптық дипломаттар әскери, саяси немесе экономикалық мәселелермен салыстырғанда мәдени бағытты кейінгі орынға қояды, ал мәдениет саласының кәсіби мамандарын шақыру елшіліктер жұмысын жандандыратыны белгілі. Дипломатиялық қызметтің батыстық тәжірибесі көрсеткендей, мәдениет жөніндегі атташе немесе консул қызметіне өнер, ғылым, білім, спорт, журналистика қайраткерлерін шақыру тиімді болып келеді. В.И. Попов Францияның мәдениет атташелерінің мәртебесі мен дайындығына оң баға береді: «Олар өздері мәдениет пен өнер қайраткерлері болып табылады және өзі орналасқан елдің зиялы қауымымен тез байланыс орнатады» [11, 214-б.]. Қазақстан үшін де осы тәжірибені пайдалану үлкен пайда әкеледі, себебі ұлттық мәдениеттің шетелде кең танымал қайраткерлерін дипломатиялық қызметке тарту ел имиджіне жағымды ықпал етеді.

 Эдебиееттер

1. Burns P. M. Social Identities, Globalisation, and the Cultural Politics of Tourism // Global Tourism. Ed. By W. F. Theobald. - Oxford: Elsevier Inc., 2005.
 2. Nye J., Jr. Soft power / Nye J., Jr. // Foreign Policy. – Washington. – 1990. – № 80.
 3. Козлов Л.Е. Применение культурных инструментов в современной внешнеполитической практике. Вестник Челябинского государственного университета, № 12 (266), 2012.
 4. Най Дж. «Мягкая» сила и американо-европейские отношения // Свободная мысль – XXI, 2004.
 5. Василенко Е.В. Культурная дипломатия как инструмент «мягкой силы» государства. // URL:<http://politinform.su/analitika/42491-kulturnaya-diplomatiya-kak-instrument-myagkoy-sily-gosudarstva.html>
 6. Milton C. Cummings Cultural Diplomacy and the United States Government: a Survey / C Milton. // Center for Arts and Culture. –2003. –Vol. 1.
 7. Фокин В.И. Формирование содержания понятий «внешняя культурная политика» и «культурная дипломатия» // Вестник Санкт-Петербургского государственного университета. Серия 6. 2004.
 8. Николаева Ю.В., Боголюбова Н.М. Выработка определения внешней культурной политики в современном научном дискурсе. 2012. No 4 (18).
 9. Simon Mark. A Greater Role for Cultural Diplomacy. – Netherlands Institute of International Relations 'Clingendael'. -2009.- ISSN 1569-2981.
 10. Тенденции и перспективы культурной интеграции обсудили в Астане// веб-сайт strategy 2050.kz [Электронный ресурс]. – <https://strategy2050.kz/ru/news/15699>.
 11. Попов В.И. Современная дипломатия: теория и практика. Дипломатия – наука и искусство : курс лекций. 2-е изд, доп. М. : Международ. отношения, 2003.
-

ANALYSIS OF IMPLEMENTATION OF APPRENTICESHIPS PROGRAMME IN ENGLAND AS A POLICY TO REDUCE THE NUMBER OF YOUNG PEOPLE NOT IN EDUCATION, EMPLOYMENT OR TRAINING (NEET)

Abstract. Various difficulties in the transition from school to work, causing non-participation in education, training or work, can lead to the social exclusion or to the casual unskilled work or unemployment, delinquency and crime. As there is a higher proportion of young people not in education, employment or training (hereafter – NEET) in England compared to other the OECD countries, England has strong political will to reduce this number. However, even if there is strong political will and a good policy, the desired results can be determined by the implementation stage. The aim of this study is to analyse the implementation of the apprenticeships policy in England to reduce the number of NEETs with an emphasis on the degree of successful policy implementation and main causes of this phenomenon.

This study has revealed some areas for the future research: the level of ambiguity and conflict of policy may vary at different levels of implementation process – central and local, which is not mentioned in the work of Matland (1995), since both central and local levels are considered as a whole. However, in practice depending on single cases, this can be different, and this has been proven by this study.

Keywords: public policy, policy analysis, policy implementation, implementation failure, apprenticeship policy, young people not in education, employment or training (NEET), England.